

ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

Ұжым жиналысының хаттамасы № 8

Талдықорған қаласы

«31» қазан 2025 жыл

Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 57 мекен жайы бойынша орналасқан ғимарат, (3 қабат).

ТАҚЫРЫБЫ:

«Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және Кәсіпорынның қызметкерлерімен еңбек тәртібін сақтану жөніндегі мәселелері бойынша».

ҚАТЫСҚАНДАР:

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) Талдықорған қаласы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері, Кәсіпорын директор орынбасарлары, комплаенс қызметкері.

ТЫНДАЛДЫ:

Комплаенс офицер М.Жасузаков:

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Өзге құқықтық актілерге жататын, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 «Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы үлгілік ережені бекіту туралы» бұйрығы жатады (бұдан әрі – Үлгілік ереже). Осы бұйырықтың негізінде Кәсіпорында ішкі құқықтық құжаттама ретінде – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің ішкі үлгілік ережесі бекітілген.

Үлгілік ережеге сәйкес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты – Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.


Кәсіпорын сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін жеткілікті өкілеттіктер мен ресурстардың болуы;
2. комплаенс жүйесінің тиімділігіне басшылықтың мүдделілігі;
3. комплаенс-қызметінің қызметінде ақпараттық ашықтық;
4. комплаенс-қызметінің тәуелсіздігі;
5. комплаенс-қызметінің үздіксіз жүзеге асырылуы;
6. комплаенс жүйесін жетілдіру;
7. комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттілігін тұрақты арттыру.

Жиын барысында ерекше назар жедел жәрдем бригадаларының жүргізушілерінің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 534 бұйрығымен бекітілген «Жол қозғалысы ережелері, көлік құралдарын пайдалануға жіберудің негізгі қағидалары, көліктері арнайы жарық және дыбыс дабылдарымен жабдықталуға және арнайы түстік-графикалық сызбалармен боялуға жататын жедел және арнайы қызметтердің тізбесі» (бұдан әрі – Ережелер) талаптарын сақтау мәселесіне аударылды. Ережелердің 40-тармағына сәйкес, жедел және арнайы қызметтер көлік құралдарының жүргізушілері көк және (немесе) қызыл түсті жыпылықтағыш маяк қосылған жағдайда, шұғыл қызметтік тапсырманы орындау кезінде, қауіпсіздікті камтамасыз ету шартымен, осы Ережелердің 5-бөлімінің (реттеуші белгілерінен басқа), 8–18-бөлімдерінің және қосымшалар 1–3 (реттеуші белгілерінен басқа) талаптарынан шегінуге құқылы. Басқа жол қозғалысына қатысушыларға қатысты артықшылық алу үшін мұндай көлік құралдарының жүргізушілері көк және (немесе) қызыл түсті жыпылықтағыш маякты және арнайы дыбыс дабылын қосады. Олар өздеріне жол берілетініне көз жеткізгеннен кейін ғана артықшылық құқығын пайдалана алады.

Аталған Ережелердің осы талабын сақтау – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмаудың маңызды шараларының бірі болып табылады (себебі оны бұзу жол-көлік оқиғаларына, еңбек қауіпсіздігін сақтау нормаларының бұзылуына) яғни оның құқықтық салдарларды шешу кезінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдерге әкеп соқтыруы мүмкін.

Комплаенс офицер _____



М.Жасузаков